

Мамыт негізгі орта білім беретін мектебінде 1-желтоқсан ҚР Тұңғыш Президент күніне арналған «Ел таңдаған Елбасы» атты мерекелік шара өтті. Шараға оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлар, мектеп ұстаздары және оқушылар қатысты. 7-8 сынып оқушылары шара барысында Елбасымыз туралы ізгі-ниетпен жазылған жыр шумақтарын айтса, 8-сынып оқушысы Оразалы Жолдас әсем әуенмен мереке сәнін келтірді.

Нұрсұлтан Назарбаевтың балалық шағы мен қазіргі жетістіктерін ауқымды түрде қамтыған бейнебаян көрсетіліп, оқушылардың арнайы дайындаған Елбасы туралы тың да, қызық мәліметтері көрермендер назарына ұсынылды. Мерекелік шара оқушылардың хорымен аяқталды.

Мектеп тәлімгері:

Қ.Ә.Сламова



Мамыт негізгі орта білім беретін мектебінде «Сақтан ұрпақ ЖҚТБ деген қатерден» тренингі өтті. Тренинг ЖҚТБ қандай жолдармен жұғады, қандай жағдайда жұқпайды, ауру қалай асқынады, адамның ЖҚТБ-мен зақымданғанын қалай білуге болады деген тақырыптар арқылы түсініктерін ашып көрсетуді мақсат етті. Оқушылар «Қар көшкіні» ойынымен негізгі сөздерді талдауға белсене араласты. ЖҚТБ ұғымына жалпы талдау жасап, жұғу жолдары туралы тың мәліметтермен танысты. Білім алушылардың іс-әрекетін ширату, ауру жөніндегі ой-өрісін кеңейтті мақсатында жүзеге асқан шара ситуациялық жағдайларды қамтыды. Жағдаяттарға оқушылар ұтымды жауап айтып, өз ойларын еркін қорғай білді. «Қауіп дәрежесі» атты тест толтырылып, тренинг жақсы көңіл-күйде қорытындыланды.

Мектеп тәлімгері:

Қ.Ә.Сламова



8 желтоқсан күні «Оқуға құштар мектеп» жобасының жоспары негізінде «Барлық пәндер арқылы оқу» сабақ жүйесі сабақ кестесіндегі барлық пәндер бойынша пән мұғалімдері сабақ жоспарларындағы тақырыптарын ғұлама адамдардың қанатты сөздерімен байланыстырды. Соның ішінде 4 сыныпта көркем еңбек пәнінің мұғалімі Сарсенбаева Ләззат «Бейнелеу өнерінде мамандық түрлерінің көрініс табуы» тақырыбында Әл-Фарабидің нақыл сөздерін басшылыққа ала отырып, сабақты жүйелі өткізді.

Ісім оңсын десеңіз,  
Сол істің маманы болыңыз.  
Даңқым шықсын десеңіз,  
Көпшіліктің адамы болыңыз

5 сыныпта қазақ тілі пәнінің мұғалімі Сламова Қаракөзайым «Шынықсаң шымыр боласың» тақырыбын

«Денсаулық – ол шыныққан,  
Барлық дене мүшесі  
Денсаулық – ол тыныққан,  
Жүйке тамыр жүйесі» нақыл сөздерімен кіріктіріп өткізді.



9 сыныпта дүниежүзі тарихы пәнін Муса Әлібек жоспарлы «Қырғи-қабақ соғыстың аяқталуымен әлемдегі қауіпсіздік артты ма» тақырыбын «Қара бет болып қашқанша, қайрат көрсетіп өлген артық» деген Бауыржан Момышұлының ғибратты сөздермен өткізді.




Мектеп кітапханашысы:

Қ.Ә.Сламова



## «Бала құқығы, зорлық-зомбылықтың алдын алу»

7-9 сынып білім алушылар арасында желтоқсан айының 11 күні «Бала құқығы, зорлық-зомбылықтың алдын алу» тақырыбында. Кездесу-пікір алмасу өткізілді. Кездесудің мақсаты: Білім алушыларға зорлық-зомбылық туралы қысқаша ақпарат беру, адамның ең жаман қасиеттерінің бірі екенін айту. Білім алушыларға адамның құқықтарымен бас бостандықтарын қорғауы туралы мағұлмат беру, пікір алмасу. Жаман әдеттерден бойларын аулақ ұстап, ондай әрекеттерге бармауға тәрбиелеу, адамгершілігі мол саналы азамат болып өсуіне ықпал жасау болды. Кездесу оқушылардың амандасу-«таныстыру» жаттығуы арқылы басталып оқушылар екі топқа смайлектер арқылы «орташа көңіл күй», «көтеріңкі көңіл күй» болып бөлініп «Зорлық-зомбылықсыз және қатігездіксіз балалық шақ» тақырыбында постер жасалды және «Арқаға арқа» жаттығуы арқылы рахмет айту соңында «Аяқталмаған тезистер» атты анкета толтырумен аяқталды. Қортындылай келе оқушылар көтеріңкі көңіл күйде қызықты пікірлер білдіріп белсене арласты.



## Сіз және балаңыз бір-біріңізді түсіне аласыздар ма ?

Желтоқсан айында «Сіз және балаңыз бір-біріңізді түсіне аласыздар ма ?» ата-аналарға тест түрінде сауалнама берілді. Сауалнаманың мақсаты: Ата-ананың жасөспірімшақтағы балаларымен өзара қарым-қатынасы, бір-бірін түсінесе алуын анықтау болса.

Қорытынды бойынша төмендегідей орташа деңгейде нәтиже көрсетті :

Зерттеу нәтижесі бойынша сауалнамаға 17 ата – ана қатысты.

Ата-ана баламен өте жақсы түсінесе алады 8 ата-ана

Ата-ана баламен орташа деңгейде түсінесе алады- 9 ата-ана

Ұсыныс: ата – ананың бала тәрбиесіне қажетті білімді жетілдіру, жандандыру. Ата – аналардың жас ерекшелігіне сай бала тәрбиелеуде жауапкершілігін арттыру. Мектеп және отбасы мен балалардың қарым – қатынасын нығайтуға үлес қосу.



Желтоқсан айында кітапхана жоспарына сәйкес 5-9 сынып оқушыларына шетелдік, әлемдік кітаптар топтастырылған «Оқуға кеңес береміз!» виртуалды кітап көрмесі көрсетілді.

Виртуалды кітап көрмесінің басында оқудың пайдасына назар аударылды. «Қазіргі заманда кітап оқитындар әрқашан теледидар көрушілерді басқарады» деген сөзбен кіріктіріле түсіндірілді. Кітап оқудың интеллектке, өмірде табысқа жетуге, сөздің қордың молаюына, кез-келген жағдайда өз ойын еркін жеткізуге өз септігін тигізетін оң жақтары туралы толық мағұлматтар өмірмен байланыстырыла берілді. Қазіргі кезде жасөспірімдер арасында танымал «Оқу керек ТОП-10 кітап» тізімі беріліп, электронды нұсқада оқуға кеңес берілді.

Кітапханашы:

Қ.Ә.Сламова



Желтоқсан айында «Оқуға құштар мектеп» жобасының жоспары негізінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Сламова Қаракөзайым 5,7-сынып оқушыларының пәндерді меңгеруі барысында іштен оқуға, мағыналық оқуға, мәтінмен жұмыс істеуге уақыт бөлді. Тыңдалым, айтылым, оқылым дағдыларын басшылыққа алып, білім алушылар өз деңгейлерін жоғарылатуға жұмыстанды.

Көркем шығармалардың құрылымын талдап, бірлесе қорытынды шешімге келіп, өз ойларын емін-еркін айтуға дағдыланды. Жеке жұмыс жасау кезінде оқушылардың мәтінмен жұмыс жасауы әртүрлі деңгейде байқалды. Озат оқушылар екпін оқушыларға өз білгендерімен бөлісті.

Мектеп кітапханашысы:

Қ.Ә.Сламова



Желтоқсан айында «Оқуға құштар мектеп» жобасы негізінде 7-8 сынып оқушылары ұзақ мерзімді қоңырау уақыттарын тиімді пайдаланып, кітап бұрышындағы кітаптармен етене танысып, бір-бірімен пікір алмасты. Қазақстан өлкесі туралы танымдық шығармалар жинақталған кітаптарды қызыға оқып, өздері қызыққан электрондық кітаптардың нұсқаларымен бөлісті.

Мектеп кітапханашысы:

Қ.Ә.Сламова





**Мамыт негізгі орта білім беретін мектебінің  
«Жас Ұлан» ұйымы өткізген  
«Тәуелсіз ел ұланы – болашаққа үн қосқан» атты салтанатты жиын  
туралы анықтама**

Мамыт негізгі орта білім беретін мектебінде жоспарға сәйкес тәлімгер Қ.Ә.Сламованың ұйымдастыруымен «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымына салтанатты қабылдау жиыны өтті.

Мақсаты: оқушылардың еңсесі биік егемен еліміздің айбынды да азат ұрпақтары екендігін терең ұғындыру. Патриоттық, отансүйгіштік сезімін дамыта отырып, ел бейбітшілігін сақтау жолында үлес қосуға баулу.

Жиынға мектебіміздің озат, үлгілі шәкірті ретінде 2-4-сыныптар арасынан «Жас Қыран» ұйымына 12 оқушы, 5-сыныптар арасынан «Жас Ұлан» ұйымына 3 оқушы қабылданды. Оқушылар ант қабылдап, оларға мектеп ұжымы галстук пен төсбелгі тақты. Мектеп басшысы «Жас Қыран», «Жас Ұлан» ұйымының қатарына қосылған оқушыларға құттықтау сөзінде жылы лебізін білдіріп, анттарына адал болуын, ұйымда белсенді көрінуін тіледі.

Мектеп тәлімгері:

Қ.Ә.Сламова



**Мамыт негізгі орта білім беретін мектебінің  
«Жас Ұлан» ұйымы өткізген  
«Тәуелсіздік-елімнің ерлік жолы» атты мерекелік іс-шара туралы  
анықтама**

Мамыт негізгі орта білім беретін мектебінде Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 30 жыл толу мерейтойының құрметіне Оразбаева ұйымдастырған 5-6 сынып оқушыларының қатысуымен «Тәуелсіздік-елімнің ерлік жолы» атты мерекелік іс-шара өтті. Шара басында «Желтоқсан оқиғасынан» үзінді қойылды. Осы егемендікке жетуге бар күшін салған аға-апаларымыз туралы тұтымды ойлар мен өзекті мағұлматтар берілді. Оқушылардың хорымен аяқталды.

Мектеп тәлімгері:

Қ.Ә.Сламова



## Біз бір-бірімізге оқимыз!

Мамыт негізгі орта білім беретін мектебінде «Оқуға құштар мектеп» жобасы негізінде ІІ тоқсанда «Біз бір-бірімізге оқимыз!» атты жоспарға сәйкес жұмысқа қоңырау сәттерін, сабақтан тыс бос уақыттарын тиімді пайдаланып 2 сынып оқушылары мен 7 сынып оқушылары белсене ат салысты. Жоғары буын оқушылары осыған дейін өздері меңгерген шығарма, туындылар бойынша білгендерін айтып, жаңа түскен кітаптарға таныстырды.

Мектеп кітапханашысы:

Қ.Ә.Сламова





**Мамыт негізгі орта білім беретін мектебінің  
«Жас Ұлан» ұйымы өткізген  
«Сен мәдениеттілікті қалай түсінесің?» атты пікірталас туралы  
анықтама**

Мамыт негізгі орта білім беретін мектебінде жоспарға сәйкес «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы мүшелерінің қатысуымен «Сен мәдениеттілікті қалай түсінесің?» тақырыбында пікірталас өтті. Адам бойындағы ұнамды, ұнамсыз қылықтарды ажырата отырып, әдеп әліппесін дарытып, «әдеп», «әдептілік» туралы түсініктерін кеңейту мақсатында мұғалім психологиялық ахуал туғызып, білім алушылардың зейінін пікірталас алаңына аударды. Оқушылар 3 топқа бөлініп, құпия хаттар бойынша жұмыстанды. Әр ситуациялық хатқа оқушылар ерекше ынтызарлықпен жауап берді. Қима қағаздарда берілген мақал-мәтелдердің үзінділердің жалғасын тауып, белсенділікпен қатысты. Пікірталас соңында оқушылармен бірлесіп «Әдептілік ережесі» құрылды.

Мектеп тәлімгері:

Қ.Ә.Сламова





**Мамыт негізгі орта білім беретін мектебінің  
«Жас Ұлан» ұйымы өткізген  
«Төрлет құтты Жаңа жыл!» атты шара туралы  
анықтама**

Мамыт негізгі орта білім беретін мектебінде «Төрлет құтты Жаңа жыл!» атты шара карантиндік талапқа сәйкес 9-сынып оқушылары мерекелік сәнді киіммен жасанып, көтеріңкі көңіл-күй сыйлап мектеп ұжымы мен білім алушыларды арнайы құттықтап шықты.

Мектеп тәлімгері:

Қ.Ә.Сламова



Мамыт негізгі орта білім беретін мектебінде «Оқуға құштар мектеп» жобасы негізінде I жартыжылдықта балаларға арналған басылымдар туралы ата-аналарға түсіндірме жұмыстары. Ата-аналар тарапынан қолдау тауып, ғаламтор желісі арқылы оқитын кітаптар тізбесі таратылды. Терең мазмұн, мол байлыққа ие оқулықтар тізбесі, пайдалы ақпараттармен толыққан басылымдар арқылы оқушылардың сабаққа ынтасын, оқуға дейін зейінін, сөздік қорын молайтуға өз себептерін тигізетіндігі жөнінде айтылды.

Мектеп кітапханашысы:

Қ.Ә.Сламова

